

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Таким образом, можно сделать вывод о том, что существует противоречие между философским понятием морали и нравственности и легальным определением морального вреда и нравственных страданий, как составляющей морального вреда, данным казахстанским законодателем.

Представляется возможно устранить подобные противоречия следующими способами:

1. заменить используемые термины;
2. либо дать легальное определение терминов, исключаящее обращение за уяснением смысла терминов к философии.

Список использованных источников

1. Сисакьян А. К. Развитие законодательства и научных представлений о компенсации морального вреда в советский период // Вестник ЧелГУ . 2011. №29. С.95-98.
2. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. Т. 1. М., 2002, С. 260
3. Ожегов С.И. Словарь русского языка. 15-е изд. – М., 1984. – С. 207.
4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года // Ведомости Парламента Республики Казахстан, 1996 г., № 2.
5. Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 27 ноября 2015 года № 7 «О применении судами законодательства о возмещении морального вреда» // "Казахстанская правда" от 26.12.2015 г., № 247 (28123).
6. Шиктыбаев Т. Моральный вред: проблемы понятия и ответственности // Правовая реформа в Казахстане, 2003. — № 4. — С. 55.
7. Эрделевский А. М. Моральный вред: компенсация за страдания. Научно-практическое пособие. М.: Издательство ВЕК, 1998
8. А.Т. Табунщиков Институт компенсации морального вреда в российском гражданском праве. Монография. Белгород, 2007. – С. 37.
9. В.В. Владимирова Компенсация морального вреда – мера реабилитации в российском уголовном процессе. М. Волтерс Клувер, 2007. – С.17
10. Философский словарь. М. Проспект. – 2000. – С.247.
11. Власов А.А. Проблемы судебной защиты чести, достоинства и деловой репутации. – М.: Изд. им. Сабашниковых, 2000.
12. Словарь синонимов. Справочное пособие. АН СССР. Ин-т русс. языка. – Ленинград: Наука, 1975. С. 237.
13. Захарчук Д. В. Мораль и нравственность как базовые духовные ценности // Система ценностей современного общества . 2011. №19. С.22-26.

УДК 347.2/3

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Сатканова Гулдерайым Маратовна

gulder_000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, Құқықтану мамандығының 2-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кожахметова С.Г.

Ел экономикасының даму деңгейі тұрғындардың ең басты қажеттіліктермен толықтай қамтамасыз етілу деңгейімен өлшенетіні баршамызға белгілі. Қазіргі таңда еліміздің басты проблемалардың бірі ретінде – қоғамда ешкімге қажетсіз, сұраусыз, өсіп – өніп жатқан балалар үйіндегі жетімдер мәселесі болса, екіншісі – бұл оларды баспанамен қамту мәселесі.

2011 жылы 26 желтоқсанында қабылданған «Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы» кодексінде көрсетілгендей анықтама беретін болсақ, 1-бабы, 5-тармақшасы: ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар); жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар); 1-бабы, 17-тармақшасы: жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар) [1].

Күнделікті тұрмыста тек қана тәрбиешілерінің ғана аяушылығы мен мейіріміне ие бұл тұлғалардың кәмелет жасына толған кезде сол шаңырақтан «Ендігі күніңді өзің көр, ақ жол!»деп шығарып, салынатынын екінің бірі білмейді. Әрине, олар жеңілдікпен оқуға түсіріліп, жатақханадан орынға ие болады, бірақ 3-4 жылдан соң қайтадан далада қалатыны айдан анық. Сол кезде олар топтасып, үй жалдап, арзанқол жұмысқа орналасып, нәпақа табуға талпынады. Ал, олардың ішінен мұқтаждықтың кесірінен қылмыскерлер мен қаңғыбас[БОМЖ] жастардың шықпасына кім кепіл.

Заңи тұрғыда тұрғын үймен қамтамасыз етілетін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды алып қарастыратын болсақ екі топқа жіктеп қарастыруға болады: 1) мүлдем баспанасы жоқ жетім балалар; 2) ата-анасынан мұрагерлік жолымен баспана қалған балалар. Ал, осы жіктер қандай заңнамалармен реттелетініне тоқталайық. Қазақстан Республикасының 1997 жылы №16 сәуірде қабылданған «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында да жетім балаларды осал топқа жатқызып, мәселелер қарастырылған. Осы заңның 68-бабы. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтар: 6-пункт: кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. 71-бабында: жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды өкілдері жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру ұйымына, медициналық немесе басқа да ұйымға келіп түскен күннен бастап немесе осындай балаларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен бастап не патронат тәрбиешімен шарт жасасқан күннен бастап алты ай ішінде баланы тұрғын үй алу үшін жергілікті атқарушы органда есепке қоюға міндетті. 73-бабында: Осы Заңда белгіленген тәртіппен тұрғынжайға мұқтаж деп танылған және есепке қойылған жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрғынжай алғанға дейін есептен шығарып тастауға жатпайды. 74-бабында: жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды бірінші кезекте алуға құқығы бар. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайлар (жаңадан пайдалануға берілген немесе тұрғындар босатқан) немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлар бөлген кезде жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайлардың немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайлардың жалпы санының кемінде жиырма пайызы бөлінеді [2].

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы N 546 Қаулысы. 53-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті: 2-тармағы. Облыстың жергілікті атқарушы органы: 17-тармақшасы: жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге

асырады; 3-тармағы. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы: 18-тармақшасы: жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады; 4-тармағы. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы: 11-тармақшасы: жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады [3].

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығы. 3-пункт. Оқу-тәрбие процесіне қатысушылар, балалар үйінің қызметкерлері: 26-тармағы. Әлеуметтік педагог: 6-тармақшасы: тәрбиеленушіге тиісті жәрдемақылардың уақтылы рәсімделуі; тәрбиеленушілердің тұрғын үйінің сақталуы, тұрғын үй алуға кезекке қою бойынша жұмысты ұйымдастырады [4].

Практикалық тұрғыда өмірден мысал келтірейік. Шағын ғана мысал 2015-жылдың 1 желтоқсаны Алматы облысында ҚР тұңғыш Президенті күніне байланысты «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің 100 жаңа баспана кілтін Қарасай, Еңбекші қазақ, Іле, Талғар аудандарының жетім балалары иеленді [5].

Әрбір нәрсенің осал тұстарының болатындығы белгілі, келесі мысал соған байланысты 2014 жылдың 19 тамызында Э. Новиковамен жүргізілген сұхбат соған дәлел. Республикамыздың балалар үйінің түлектері ендігі жолы тіркеуден өткеннен кейін бірден тұрғын үй алуға құқықтары бар. Ол үшін қалада бірнеше жыл тұрып керегі жоқ. Бұл ереже етек жайғалы бірнеше айлар болса да, халық әлі де ақпаратпен қамтамасыз етілмеген. Э.Новикова Алматыдағы Тұрғын үй басқармасына асығуда. Астанадағы балалар үйінің тәрбиеленушісінде бұл льготалық категорияға енуі үшін бар болғаны 4 ай ғана бар. Қаңтар айында оған 29 жас толады, содан кейін заңи тұрғыда ешқандай баспана берілмейді, тіптен ол туралы сөз болмайды да. Бұл туралы ол жақын арада ғана естіген болатын [6].

Өзекті мәселе – балалар үйінің түлегі. Жыл сайын балалар үйінен екі мыңнан астам жасөспірім түлеп шығады. Яғни, қаттырақ айтқанда, шығарылады. Әрі қарай олар өз күндерін өздері көреді. Бірі оқуын жалғастырса, екіншілері жұмысқа орналасады. Балалар үйінен шыққандарға өте қиын екені ешкімге де жасырын емес. Өйткені, тұрғын үй жоқ, бұрынғы кездегідей оқу орындары мен кәсіпорындардың жатақханалары жоқ. Қамқор болатын туыстары да жоқ, олар көбіне жұмыс таба алмай қиналады. Депутаттар алдында ондай жасөспірімдерді әлеуметтік және құқықтық қорғау саласында мемлекеттік кепілдікке ие болатындай заңдық негізді қалап беру міндеті тұр.

Парламент Мәжілісінің депутаттары “Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы” Заңға және “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңға толықтырулар енгізді. Соған сәйкес енді ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға үй алу құқығы берілетін болды. Бұған құқығы бар жетім балалардың жасы 23-ке дейін ұзартылды. Жыл сайын пәтерлер көбірек бөлінсе де, ең қиыны балалар үйі түлектерінің мәселесі болып тұр. Мәселен, 2009 жылы 100-ден астам балалар үйінің түлектері тұрғын үймен қамтылған. Айта кету керек, Батыс Қазақстан облыстық әкімдігі балалар үйінің түлектеріне 42 пәтер бөлген. Сол секілді Ақтөбе – 20, Қостанай – 18, Атырау – 9, Қарағанды облыстық әкімдігі 8 жасөспірімді үймен қамтамасыз еткен. Осы орайда аталған өңірлердің басшылығына игі істері үшін ризашылығымызды білдіреміз. Мұның сыртында елімізде жасөспірімдердің 27 үйі жұмыс істейді. Онда 1300-ден астам балалар үйінің түлектері тұрып жатыр. Алайда, әлі де көптеген тәрбиеленушілер тұрғын үймен қамтамасыз етуді қажет етеді [7].

Тұрғын үй қатынастары заңнамасы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың баспанамен қамтамасыз етілуі қаншалықты өмірлік тәжірибеде жүзеге асатындығы жайында министрлікке бірер сұрақтар жолдаған (статистикалық), сол сұрақтарға жауаптарды

қарастырайық. Республикамызда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қанша бала бар? Жалпы саны 34 мың, оның 24 мыңы ҚР азаматтары отбасында және патронаттарда тәрбие алуда, 11 мыңы балалар үйінің тәрбиеленушілері. Республикамызда қанша жетім балалар баспанамен қамтамасыз етілуі үшін кезекке тұрған? Қазіргі таңда 18410 жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, оның 8168-і балалар үйінің тәрбиеленушілері. Мемлекеттік қордан тұрғын үй алуға 16375 жетім бала кезекке тұрмаған. Егер де жетім балаға жатақханадан уақытша бөлме ұсынылған жағдайда тұрғын үйге сақталады ма? Иә, сақталады. Егер де жетім балалар кезекте тұрған кезінде 29 жастан асып кеткен жағдайда олардың баспанаға құқығы сақталады ма? Заңнамаға сәйкес 29 жасқа дейін кезекке тұруы тиіс, және олар тұрғын үймен қамтамасыз етілмейінше кезектен түсірілмейді [8]. Жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге байланысты лауазымды тұлға кезекке уақытылы қоймаған жағдайда шара қолданылады ма? ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі айыппұл негізінде санкция қолданады (бірінші жасаған құқық бұзушылығына – 100 АЕК, екінші – 200 АЕК) [9].

Сонымен қатар жетім балаларды тұрғын үймен қамту мәселелерін еліміздің мәжіліс депутаттары да қалыс қалдырмауда. Мәжіліс депутаты И.Аронова сұхбатында: Біздің қоғамда жетім балалардың тағдыры бәрімізді де алаңдататыны анық. Оларға қамқорлық жасау, құқықтарын қорғау заңмен реттелген. Дегенмен бірқатар проблемалар жетім балаларға қатысты заңдарды жетілдіру қажет екенін көрсетіп берді. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті екінші сессия барысында бірқатар заң жобалары бойынша бас Комитет ретінде жұмыс жүргізді. Соның ішінде аталған заң жобасы маңызды құжаттардың бірі екені анық. Қазіргі таңда сайлаушылармен кездесу барысында Парламент депутаттарының осы және басқа да заң жобаларын талқылауда белсенділік танытқанын және заң шығармашылық қызметтің ерекшеліктері туралы баяндап беремін. Әлеуметтік-мәдени даму комитеті құрған жұмыс тобына депутаттар М.А. Айсина, М.А. Ахмадиев, Г.И. Исимбаева, А.Қ. Нұркіна, Г.С. Сейтмағанбетова, А.Р. Әбілдаев, З.Я. Балиева, Қ.К. Жабағиев, О.А. Киколенко, Н.Д. Нестерова және А.Б. Самақова мүше болды. [10].

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұқтаж азаматтарға, оның ішінде жетімдерге тұрғын үйге кепілдікті қамтамасыз ету бойынша жергілікті деңгейде арнайы бағдарламалар әзірленеді. Мұндай практика АҚШ, Бельгия, Испания секілді елдерде кеңінен қолданылып жүр. Бұл тәжірибе де назарға алынды. 2013 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев елбасы тұрғын үйге мұқтаж жетім балалар үшін аймақтық жоспар әзірлеу туралы нақты тапсырма берген болатын [11].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2012 жылы 5 маусымда «Қолжетімді баспана - 2020» бағдарламасы қабылданған болатын. Осы бағдарлама бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамту нәтижелеріне тоқталсақ, 2014 жылдың қорытындысына келетін болсақ, жылдың 1-сәуіріндегі мәліметтерге сәйкес, Алматы қаласы бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан үй алу кезегінде 14 072 отбасы тұр. Соның ішінде жетім балалар – 1258 тұрғын үймен қамтамасыз етілді. 2015 жылдың басынан бері 115 пәтердің кілті табыс етілді. Соның ішінде: Жетім балаларға – 25; Бұл бағдарлама 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшін жойды [12].

Қазіргі таңда 2016 жылы Банк салымшыларын 2022 жылға дейін қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында «Бәйтерек» Холдингінің еншілес компаниясы — «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ «Өз үйім» атты дағдарысқа қарсы бағдарламаны дайындап шығарды. Бұл бағдарламаның бірнеше артықшылықтары бар. Алматы және Астана қаласының тұрғындарына соңғы 2 жылда тіркеуде болуы міндеттелмейді.

Бағдарлама 3 бағыттан тұрады: жергілікті атқарушы органдардың өзара әрекеттестігі, мемлекеттік-жеке серіктестік және екінші деңгейлі банктермен ынтымақтастық. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдармен, екінші деңгейлі банктер және құрылыс

компанияларымен келіссөздер жүргізілуде. Бір кемшілігі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және жетім балаларға байланысты артықшылықтар айқындалмаған [13].

Ресей Федерациясы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге байланысты жаңа модель жасауда. Тұрғын үйлер жетім балаларға арнайы мамандандырылған тұрғын үй қорынан жалдау шарты бойынша 5 жыл өткеннен соң жалдаушыға яғни, жетім балаға мерзімсіз шартпен олардың иелігінде қалуы қарастырылды. Сонымен қатар басты айырмашылық Ресей Федерациясында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және жетім балалар 23 жасқа дейін кезекке тұрулары тиіс [14]. Украина елін алатын болсақ, балалар үйінен тәрбиеленіп шыққан жетім балалар 18 жасқа жеткеннен кейін, егер де олар өздеріне тиесілі тұрғын үйлері болмаса немесе тұрғын үй қатынастары нормаларына сәйкес бекітілген нормативтерге тұрғын үй сипаттамасы төмен болған жағдайда тұрғын үймен қамтамасыз етілуге кезекке тұра алады [15].

Қорытындылай келе, бірнеше мақсаттар алға тартылады:

1. Жетімдерді баспанамен қамсыздандыра отырып, олардың өмірде адам болып қалыптасуына, өз ісін бастап, қызметке араласуына ықпал ету;
2. Олардың ақша жинап, жеке баспана алғанға дейінгі уақытта мекендейтін ақысыз баспанамен қамсыздандыру;
3. Мемлекеттің тұрғын үймен қамсыздандыру бағдарламасының орындалуына үлес қосу;
4. “Мемлекет маған не істей алады емес, мен мемлекетке не істей аламын” қағидасын ұстану.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне байланысты бірнеше тосқауылдар жоқ емес. Ақпараттың дер кезде халыққа жетпеуі, мемлекеттік орган қызметкерлерінің жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылмауы соған мысал. Осы мәселелерді шешуге байланысты бірнеше ұсыныстар туындайды:

1. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларға толық құқықтық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу:
 - а) «Қамқоршылық пен қорғаншылық органы» өкілдері арнайы заңгерлерді шақыру арқылы кеңес өткізу;
 - б) Ұлттық, Мемлекеттік ЖОО-нан құқықтанушыларды және құқықтану мамандығының студенттерін кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізу;
2. Заңнамаларға, нормативтік-құқықтық актілерге өзгертулер енгізілген сәттен бастап ресми сайттарға жариялап және оған байланысты бейнероликтерді түсіру және оның ҚР аумағында таралуын қамтамасыз ету;
3. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың толық құқықтары көрсетілетін және жаңа өзгерістермен толықтырылған ресми сайт ашу;
4. Омбудсмен институты бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларға басымдылық бағыттарын беру;
5. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы мамандандырылған тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер беру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексі, 26-желтоқсан, 2011 // adilet.zan.kz
2. «ҚР тұрғын үй қатынастары туралы заң», 16-сәуір, 1997 // adilet.zan.kz
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы N 546 Қаулысы // adilet.zan.kz
4. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығы // adilet.zan.kz

5. Мақала, «Ключи от квартир получили 100 детей-сирот Алматинской области», журналист: С.Дуйсенова, // www.inform.kz/

6. Мақала, «Сиротам в Казахстане дали преимущество при получении жилья», журналист: Дильмурат Муталипов, Талап Сагимбаев ТК «Алматы», // www.almaty.tv

7. Балалардың құқығын қорғау – басты мәселе// Егемен Қазақстан газеті, 19-Мамыр, 2010

8. «Вопросы по обеспечению жильем детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Министірмен интервью, // www.bala-kkk.kz

9. «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі, // adilet.zan.kz

10. Жетім балаларды тұрғын үймен қамтуға қатысты құқықтық олқылықтар жойылды 18 Шілде 2013 // Kazinform

11. Мақала, «Жетімдерді жебеуге қатысты жергілікті әкімдердің жауапкершілігі арта түседі», автор: [Қанат Мәметқазыұлы](http://www.inform.kz/) // www.inform.kz

12. Мақала, «Биыл «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы бойынша 378 азаматқа пәтер беріледі», автор: Мәншүк Бекбосын // almaty-akshamy.kz/

13. Мақала, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі «Өз үйім» бағдарламасын іске қосты», 26 қаңтар 2016 жыл, // <http://7kun.kz/>

14. Журнал РФ "Административное право" N2 2013 год «Новая модель жилищного обеспечения детей сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, лиц из их числа», // www.top-personal.ru

15. Закон Украины «об обеспечении организационно-правовых условий социальной защиты детей-сирот и детей, лишенных родительской опеки», С изменениями от 04.07.2013, // uazakon.ru

БРАЧНЫЙ ДОГОВОР КАК СПОСОБ РЕГУЛИРОВАНИЯ ИМУЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ СУПРУГОВ

Сашенкова Елизавета Владимировна
Студентка АОУ ВПО «ЛГУ им. А.С. Пушкина»
Научный руководитель – Чалый Т.А.

Брачный договор в России явление очень молодое по ряду причин. Во-первых, действовавшая ранее социалистическая модель брака и семьи в принципе не предполагала такого явления, как брачный договор. Во-вторых, отсутствовала как таковая частная собственность. Однако Гражданский кодекс Российской Федерации гласит: «имущество, нажитое супругами во время брака, является их совместной собственностью, если договором между ними не установлен иной режим этого имущества».

Целью нашей работы является изучение природы брачного договора как способа регулирования имущественных отношений супругов.

Принято считать, что исторически первые брачные контракты появились в просвещенной Европе. Еще в Древней Греции и Риме при вступлении в брак будущие супруги в отдельном документе описывали свои будущие имущественные отношения. В Европе первые брачные контракты представляли собой соглашения между мужем и семьей его будущей жены. Муж получал жену и приданое, а семья сохраняла гарантии в отношении имущества и доходов от этого имущества. Семья молодой жены, отдавая свою дочь замуж, хотела получить некоторые гарантии, так как в большинстве стран жена не имела никаких имущественных прав. Например, в Англии до конца XIX века жена вообще не обладала никакими имущественными правами. А все имущество, в том числе и то, которое «принесла в брак» жена, считалось собственностью мужа. Естественно, богатые семьи мириться с